



Сабақтың тақырыбы

“Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс”



→ **Құндылық:** Дұрыс әрекет

→ **Қасиеттер:** Жауапкершілік,
табандылық, сенімділік



Мақсаты:



Білімгерлерге өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру ұғымдарын дұрыс әрекет құндылығы арқылы ұғындыра отырып, күнделікті өмірде іске асыруға жағдай жасау.



Міндеттері:

- Білімгерлерге өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру ұғымдарын дұрыс әрекет құндылығы арқылы ұғындыру;
- теориялық білімді, тәжірибеде қолдана білу дағдыларын дамыту;
- айнала қоршаған ортасымен үйлесімді өмір сүре білуге тәрбиелеу.



Дәйексөз



Өмірдің өкінбейтін бар
айласы, Ол айла – қиянатсыз
ой тазасы. Мейірім, ынсап,
әділет, адал еңбек, Таза
жүрек, тату дос – сол шарасы.

Шәкәрім

Шәкәрім Құдайбердіұлы

11 шілде 11 шілде 1858 11 шілде 1858ж - 2 қазан 11

шілде 1858ж - 2 қазан 1931 11 шілде 1858ж - 2

қазан 1931ж – ақын 11 шілде 1858ж - 2 қазан 1931ж

– ақын, жазушы 11 шілде 1858ж - 2 қазан 1931ж

– ақын, жазушы, философ 11 шілде 1858ж - 2

Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіздер?



Әңгімелеу.

“Ақыл қалта”

(үзінді)

Мырзакелді Кемел



Сұрақтар:

1. Жолыңда көп кедергі кездеседі, ал кездеспесе, сенің ешкім болмағаның деген тұжырымды қалай түсінесіздер?
2. Автордың “Саған жақсы сөйлеп тұрып, басқалардың барлығын жамандап отырғандарға сенбе” деген ойынан не ұқтыңыздар?
3. «өзіңе сын көзбен қарау» дегенді қалай түсінесіздер? Мәтіндегі ойлармен келісесіз бе? Неліктен?
4. Адам өз-өзін жетілдіруі үшін мәтінде айтылған ақыл-кеңестің пайдасы бар ма?
5. Жетіліп, шыңдалудың тағы қандай амал-тәсілі бар?



Шығармашылық жұмыс

1-тапсырма

Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, адамның өзін-өзі жетілдіру жолын жасап, жазыңыз. Сөздер мен сөз тіркестері: өздігінен білімін жетілдіру, өзіндік тәрбие біліктері, өз-өзіне бұйрық беру, өзіндік сергектік, өзіндік қолдап-қуаттау, өзіндік мадақ, өзін-өзі анықтау, өзіне сындарлы көзқараспен қарау, өз мақсатын нақтылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау, ойлар, сезімдер және басқаларын нысанаға алу, ішкі жоспарды жасау, өзін-өзі жетілдіру, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі ұстау.



2-тапсырма

Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырыңыз. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыз.

Ұғым	Анықтамалары
Өзіндік тәрбие	а) Тұлғаның нақты өмір жағдайларында өз ұстанымын, мақсаттары мен оларды жүзеге асыру құралдарын саналылықпен таңдау үдерісі және нәтижесі.
Өзін-өзі анықтау Өзін-өзі бақылау	ә) Адамның өзіндік дамуға, өзіндік білім алуға, өз ұнамды қасиеттерін жетілдіріп, келеңсіз тұлғалық қасиеттерін жоюға бағытталған саналы әрі мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері.
Өзін-өзі ұстау	б) Адамның өз жан дүниесін, психикалық өмірі, оның көріністері-эсерленушіліктер, ойлар, сезімдер және басқаларын нысанаға алуға мүмкіндік беретін ішкі жоспарды бақылауы.



Ұғым	Анықтамалары
Өзін-өзін бағалау	в) Адамның өзіне сындарлы кәзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі.
Өзін-өзі жетілдіру	г) Түрлі өмірлік жағдайларда жағдайларда, адамның өз ойын, сөзін, іс-әрекетін дұрыс жүзеге асыра алуға қабілеттілігі, сабырлылығы.
	ғ) Өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш қуатты сандық және сапалық өзгерістерге түсіретін ішкі объективтік үдеріс.



Білімді бекітуге арналған тест

1-тест

Тұлғаның адамгершілік негіздері неден көрінеді ?

- а) Рухани дүниесін байытып , ар - ұждан мен жалпыадамзаттық құндылық негізінде әрекет етуінен
- ә) Жеке басының мүддесін көздеген әрекетінен
- б) Табысқа деген ұмтылысынан

2-тест

Көркем мінез не үшін қажет ?

- а) Адамның бақытты болуы үшін
- ә) Айналасымен тіл табысуы үшін
- б) Табысқа қол жеткізу үшін

3-тест

Рухани бай адам

- а) жағдаятқа , әлеуметтік ортаның өзгеруіне бейімделіп отырады.
- ә) өзгенің жетістігіне қуанып , ар - ұятты бәрінен биік қояды , қамқор , жанашыр болып, қоғамға риясыз қызмет етеді.
- б)



Үй тапсырмасы

“Ақиқат пен аңыз”

үзінді

Әзілхан Нұршайықов





Сабақтың қорытынды сәті

Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңізді
өмірде қолдана біліңіздер.

Сау саламатты болыңыздар!